

Мемлекеттік кәсіпорындарды қайта құру тәртібі туралы Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 30 қарашадағы N 1636 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 5 тамыздағы
№ 796 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

"Мемлекеттік кәсіпорындар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 маусымдағы Заң күші бар N 2335 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мемлекеттік кәсіпорындарды құру тәртібі туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. Мемлекеттік кәсіпорындарды құру жөніндегі әдістемелік басшылық пен бақылау функциялары Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне жүктелсін.

3. Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік комитеттері, басқа да орталық және атқарушы органдары үстіміздегі жылдың 1 желтоқсанына дейін Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне ведомствоға бағынысты республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесін республиканың Экономика министрлігі бекіткен нысан бойынша ұсынсын.

4. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі үстіміздегі жылдың 20 желтоқсанына дейін республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұсынсын.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімдерімен бірге 1996 жылғы 1 қаңтарға дейін коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесін айқындасын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 5 ж ы л ғ ы 3 0 қ а р а ш а д а ғ ы

N 1 6 3 6 қ а у л ы с ы м е н

БЕКІТІЛГЕН

Мемлекеттік кәсіпорындарды құру тәртібі туралы ЕРЕЖЕ

Осы Ереже "Мемлекеттік кәсіпорындар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 маусымдағы Заң күші бар N 2335 Жарлығына сәйкес мемлекеттік кәсіпорындарды құру тәртібін белгілейді.

Мемлекеттік кәсіпорындар Қазақстан Республикасы Президентінің жоғарыда аталған Жарлығымен белгіленген салаларда құрылады.

Шаруашылық жүргізу құқығына да, жедел басқару құқығына да (қазыналық кәсіпорындар) негізделген республикалық мемлекеттік кәсіпорындарды құру өкілетті органдардың мүдделі министрліктермен және мемлекеттік комитеттермен келісілген ұсыныстары негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес жүргізіледі.

Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар жөнінде мемлекеттік басқару функциясын, сондай-ақ мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функциясын жүзеге асыратын мемлекеттік уәкілді органдар - Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік комитеттері немесе Қазақстан Республикасының Үкіметі осындай іске уәкілдік берген өзге де мемлекеттік органдар болып т а б ы л а д ы .

Уәкілді орган Қазақстан Республикасының Үкіметіне республикалық мемлекеттік кәсіпорынды құрудың орынды екендігінің қажетті негіздемесі, оның ішінде кәсіпорынның фирмалық атауы, оның нысаны (шаруашылық жүргізу құқығы немесе жедел басқару құқығы), оның қызметінің мәні мен мақсаты, кәсіпорынның тұрған жері, құрылтайшы туралы мәлімет, жарғылық қордың мөлшері, оның құрылатын мерзімі және басқалар бар ұсыныстар береді.

Ұсыныстар алдын-ала әзірленіп, бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен, Экономика министрлігімен, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетімен, Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетімен келісуі керек.

Өндірістік қызмет саласына қарай республикалық мемлекеттік кәсіпорындарды құру жөніндегі ұсыныстар басқа да салалық министрліктермен не мемлекеттік комитеттермен келісілуі керек.

Коммуналдық меншіктегі мемлекеттік кәсіпорындарды құру уәкілді органдардың министрліктер мен мемлекеттік комитеттердің жергілікті аумақтық органдарымен келісілген ұсыныстары негізінде тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер әкімдерінің шешімдерімен жүргізіледі.

Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар жөнінде мемлекеттік басқару функциясын, сондай-ақ мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функциясын

жүзеге асыратын мемлекеттің уәкілді органдары жергілікті атқарушы органдар болып табылады, бұған тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімі уәкілдік береді.

Уәкілді орган коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынды құрудың орынды екендігінің қажетті негіздемесі, оның ішінде кәсіпорынның фирмалық атауы, оның нысаны (шаруашылық жүргізу құқығы немесе жедел басқару құқығы), оның қызметінің мәні мен мақсаты, кәсіпорынның тұрғын жері, құрылтайшы туралы мәлімет, жарғылық қордың мөлшері, оның құрылатын мерзімі және басқалар бар ұсыныстар береді.

Ұсыныстар алдын-ала әзірленіп, бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің, Экономика министрлігінің, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің, Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің жергілікті аумақтық органдарымен келісілуі керек.

Өндірісті қызмет саласына қарай коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарды құру жөніндегі ұсыныстар басқа министрліктер мен мемлекеттік комитеттердің аумақтық органдарымен де келісілуі керек.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кәсіпорындарын басқа мемлекеттердің аумағында құру туралы шешім тиісті мемлекеттердің үкіметтері арасындағы немесе сол мемлекеттердің осыған арнайы уәкілдік берген басқа органдармен келісім бойынша қабылданады.

Шаруашылық жүргізу құқығына негізделген мемлекеттік кәсіпорын өзінің мүлкі есебінен басқа мемлекеттік еншілес кәсіпорынды құра алады. Еншілес мемлекеттік кәсіпорын шаруашылықты жүргізуге құқылы кәсіпорын түрінде құрылады.

Республикалық мемлекеттік кәсіпорынға жататын еншілес кәсіпорын Қазақстан Республикасы Үкіметінің рұқсаты бойынша тиісті мемлекеттік кәсіпорынның бұйрығымен құрылады. Үкіметтің еншілес кәсіпорын құруға берген рұқсатын негізгі кәсіпорынды мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органы Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетімен алдын-ала келіскеннен кейін алады.

Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынға жататын еншілес кәсіпорын тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімінің рұқсаты бойынша шешім шығару жолымен тиісті мемлекеттік кәсіпорынның бұйрығымен құрылады. Әкімнің еншілес кәсіпорын құруға берген рұқсатын негізгі кәсіпорынды мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органы алады.

Үкімет (тиісті әкімшілік-аумақты бірлік әкімі) республикалық мемлекеттік кәсіпорын (коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын) құру туралы қаулы (шешім) қабылдағаннан кейін құрылтайшы мемлекеттік кәсіпорынның жарғысын бекітеді.

Шаруашылық жүргізу құқығына негізделген кәсіпорын мемлекеттік тіркеуден өтер кезде құрылтайшы жарғылық қорды толық қалыптастыруға тиісті.

Мемлекеттік кәсіпорынды мемлекеттік тіркеу және қайта тіркеу қолданылып жүрген заңға сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК